

"Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдік қатысуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссияларының қызметін үйлестірудің тәртібі туралы ережені" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 30 мамырдағы N 19. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 17 қазанда тіркелді. Тіркеу N 405. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығымен.

ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті Төрағасының 2004 жылғы 20 ақпандағы N 7-п бұйрығынан үзінді

"Инвестициялар туралы" 2003 жылғы 8 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының , "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысының қабылдануымен байланысты, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. Инвестициялар мәселелері жөніндегі мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

10) "Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдік қатысуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссияларының қызметін үйлестірудің тәртібі туралы" ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1997 жылғы 30 мамырдағы N 19 қаулысы (1997 жылғы 17 қазан N 405)....

Т ө р а ғ а

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 28 ақпандағы Заңның 16-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын

инвестициялық жобаларға шетелдік қатысуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссияларының қызметін үйлестірудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

Төраға

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р	ж ө н і н д е г і
м е м л е к е т т і к	к о м и т е т і н і ң
1 9 9 7	ж ы л ғ ы
3 0	м а м ы р д а ғ ы
№	1 9
	қ а у л ы с ы м е н

Бекітілген

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдік қатысуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссияларының қызметін үйлестірудің тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Осы Ереже "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының негізінде әзірленді және Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдік қатысуды ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссияларының қызметін үйлестірудің тәртібін айқындайды.

2. Негізгі міндет

Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының және шетелдегі дипломатиялық миссияларының негізгі міндеті Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың және шетелдегі дипломатиялық миссиялардың қызметін үйлестірудің тәртібі

3.1. Комитет тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды ынталандыру бойынша мемлекеттік саясатты әзірлейді және жүзеге асырады, инвестициялық ынтымақтастық және тікелей шетелдік инвестицияларды тарту мәселелері бойынша келіссөздер жүргізеді және халықаралық шарттарға қол қояды.

3.2. Комитет Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен

бірлесіп немесе оның келісімі бойынша "Халықаралық шарттарды жасау, орындау және күшін жоюдың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 12.12.95 жылғы Заң күші бар Жарлығының талаптарына сәйкес Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы қос тарапты және көптарапты келісімдер, Инвестициялық ынтымақтастық туралы келісімдер жасау туралы ұсыныстар әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне е н г і з е д і .

3.3. Комитет Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен шетелдегі дипломатиялық миссияларынан осы елдердің инвестициялық заңдарын қоса алғанда, қажетті ақпаратты сұрайды және алады, келіп түскен ақпаратты зерделейді, қос тарапты және көп тарапты қол қойылған құжаттардың қолданылуын және инвестициялық қызмет бойынша басқа елдердің құзыретті органдары ұсынған келісімдердің жобаларын талдайды.

3.4. Комитет келісімнің жобаларына басқа Уағдаласушы Тараптың уәкілетті органдарымен және Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарымен алдын ала келісу жүргізеді, келісімнің келісілген нұсқасын қол қоюға Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді.

3.5. Комитет Қазақстан Республикасында басқа Уағдаласушы Тараптың инвесторлары үшін әділ және тең құқықты инвестициялық режимді қамтамасыз етеді, орталық және жергілікті атқарушы органдардың олардың құқықтарына нұқсан келтіруіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдайды.

3.6. Комитет Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы қос тарапты келісімдер жасалған елдердегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссияларымен бірлесіп қазақстандық инвестицияларға қатысты басқа Уағдаласушы Тараптың оның өзінің инвестицияларына немесе үшінші елдердің инвесторларына беретін қолайлы режимнен төмен емес режимді қамтамасыз етуін бақылауды жүзеге асырады.

3.7. Комитет тікелей инвестицияларды ынталандыру бөлігінде Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің жобаларын, орталық және жергілікті атқарушы органдарының актілерін әзірлеуді сараптауды жүзеге асырады және о ғ а н қ а т ы с а д ы .

3.8. Комитет мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасында жүзеге асырылатын инвестициялық жобаларға шетелдік қатысуды ынталандыру бойынша инвестициялық симпозиумдарды, тақырыптық көрмелерді, тұсаукесерлерді қоса алғанда, жыл сайынғы шетелдегі Бірыңғай республикалық ақпараттық-насихаттық жұмыстың бағдарламасын әзірлейді, оның уақытылы орындалуы жөнінде ақпарат сұрайды, жүргізілген шаралардың тиімділігі мен жүзеге асырылуы туралы жылдық есепті талдайды және оны 14.04.97 жылғы Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 563

қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына құрастырады.

3.9. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Комитетке тауар өндірісін, жұмыстар мен қызмет көрсетуді жедел дамытуды қамтамасыз етуге арналған өз құзыреті бойынша әзірленген инвестициялық жобаларды инвестициялық ынтымақтастық жөнінде халықаралық келіссөздер барысында басқа елдердің уәкілетті органдарына және олардың әлеуетті инвесторларына ұсыну, Комитеттің шетелдегі тұсаукесер және конференциялар бағдарламасына және жарнамалық өнімді енгізу жолымен жүзеге асырылуына жәрдем көрсетеді.

3.10. Қазақстан Республикасының шетелдік дипломатиялық миссиялары мен өкілдіктері Комитетке:

- келісім-шартты әзірлеу және сараптау барысында инвесторлар мен инвестициялық жоба бойынша, сондай-ақ оны жүзеге асыру уақыты бойынша барлық қажетті ақпаратты беру;

- өзі тұрған елдегі өкімет органдарымен, ұйымдармен, фирмалармен және компаниялармен Комитеттің және оның өкілдіктерінің өзара іс-қимыл жасауы;

- әлеуетті инвесторлардың Қазақстан Республикасына келу және одан кету визаларын алу, ерекше жағдайларда - жеделдетілген мерзімдерде алу мәселелерін шешу;

- келісім-шарттарды әзірлеуге және жүзеге асыруға байланысты басқа проблемаларды шешу мәселелерінде жәрдем көрсетеді.

3.11. Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық миссиялары мен өкілдіктерінен алынған инвестициялық және экономикалық сипаттағы барлық ақпарат келісім бойынша Сыртқы істер министрлігі немесе Қазақстан Республикасының құзыретті органдары арқылы инвестицияларды тарту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бойынша талдау және жұмыста одан әрі пайдалану үшін Комитетке жолданады.